

Қазақстанның Ислам Ынтымақтастық Ұйымы аясында исламофобия мәселесі жөніндегі ұстанымы

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.05.2022

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/122232/>

Исламофобия — ислам мен мұсылмандардан қорқу, дәлірек айтсақ, исламнан қорқу және мұсылмандар немесе ислам дінімен байланысы бар нысандар, мысалы: мешіттер, Ислам орталықтары, қасиетті Құран, мәзһабтар және т.б. Бұл құбылыс бұқаралық ақпарат құралдарында, жұмыс орнында, саяси қызметте және т. б. болсын, адамдардың күнделікті өміріндегі нәсілшілдік пен дискриминацияның бір түрі болып саналады. Исламофобия идеясы өте тереңде адам санасында жатыр және ол тек айтып қоймай практика жүзінде сезіледі және исламофобия адамда белгілі бір орта әсерімен толқулар тудырады, сондықтан ол әлемдегі өзекті мәселелерге, зорлық-зомбылық, мешіт өртеу, мүлікті бүлдіру, қасиетті мекендерді тас-талқан етумен ұштасады. Бұл исламофобия құбылысын және оның көріністерін анықтауға және оны қолға алуға, болған оқиғалар мен фактілер арқылы ғана емес, көзқарастар, мәлімдемелер, мінез-құлық және ым-ишаралар арқылы да байқалады. Соңғы екі онжылдықта бұл құбылыстың өсуі әлемнің кейбір бөліктерінде исламофобияны тарататын қарқынды науқандар мен көпшілік алдында сөйлеген сөздерімен, сондай-ақ мұсылмандарға, мешіттерге, ислам киімдеріне және құрметті исламға қарсы көптеген оқиғалар тіркелуде.

Өз қызметінде исламды насихаттауға үлкен орын бере отырып, ол мұсылман елдерінің экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастығының дамуын ынталандырады. Үкіметтік емес деңгейде жұмыс істейтін басқа да халықаралық ұйымдар (Ислам әлемі Лигасы, Дүниежүзілік ислам конгресі және т.б.) ерекше, «мұсылмандық» сыртқы саясатты қалыптастыруда және көптеген өңірлік және жаһандық проблемалар бойынша ұстанымдарды жақындатуда біраз жетістікке жетті. Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына қарасты департамент исламофобия үрдістерін қадағалау және мүше мемлекеттерге мерзімді есептер беру міндеті жүктелген, сонымен бір мезгілде оны мүше мемлекеттермен, халықаралық қоғамдастықпен үйлестіру мен ынтымақтастықта болып, осы құбылысқа қарсы күрес жөнінде шаралар қабылдауға ынталандырады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі тетігі және мүмкін болған кезде

басқа да халықаралық ұйымдар атқарады. Бұл міндетті негізінен Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы Бас хатшылығының мамандандырылған бөлімшесі, атап айтқанда исламофобия зерттеу бөлімі орындайды. Бөлім күнделікті оқиғалар мен фактілерді қадағалайды және жалпы ойлар мен сезімдердің көріністерін мұқият зерттейді, оқиғаларды зерттейді және исламофобияның таралу көрсеткіші болуы мүмкін барлық нәрсені қадағалайды. Обсерватория сондай-ақ мерзімді түрде (ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын) мүше мемлекеттерге есеп береді және Исламофобия және ксенофобия құбылыстарымен күресу шараларын ұсынады; исламның шынайы құндылықтары мен оның бейбіт сипатын атап өту үшін диалог құру, сонымен бірге исламофобия құбылысы туралы жаһандық хабардарлықты арттыру және исламның қазіргі заманғы негізгі қағидаларын тарату, сондай-ақ бүкіл әлемдегі қоғамдарға исламофобиямен байланысты сынақтарға қарсы тұруға мүмкіндік беру үшін жұмыс істейді. Бұл әрекеттер түрлі әдістер мен құралдар арқылы, соның ішінде Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының ресми сайтындағы осы бет арқылы жүзеге асырылады.

Астанада 2011 жылғы 28-30 маусымда Ислам ынтымақтастығы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің (СІМК) 38-ші сессиясы өтті. Сол сәттен бастап Қазақстан осы халықаралық ұйымға төрағалық етуге кірісті. Бұл басқосуды тарихи оқиға деп атауға болады, өйткені, ол жерде қозғалған басты проблемалардың бірі осы тақырыпқа сай елбасымыздың ұсынысымен ұштасты “Шығыс-Батыс” көпірі арқылы батыстағы қарама-қайшы пікірлер мен жаңсақ ойлармен күресіп, ислам дінінің батыстағы беделін айқындау болды. Бұл Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шараларын арттыруға көмектесетіні анық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасында шақырылған 38-ші съезі маңызды шешімдерді қабылдаған атап өтерлік шара болды. Өркениет және дінаралық шиеленістер өрбіп тұрған Ауғанстанға гуманитарлық көмекпен қоса әлеуметтік-экономикалық мәселелерімен жәрдемдесу ұсынылды.

Қорытындылай келсек, исламофобиямен қарқынды күрес жүргізіп отырған мемлекеттердің бірі Қазақстан. Бірнеше онжылдықтар бойы діни және саяси ұйымдардың бірқатар қызметі бірқатар аймақтардағы тұрақсыздандырушы факторлардың бірі болып табылады. Террористік исламистік экстремистердің әрекеттері жеке мемлекеттің немесе аймақтың шындығына айналды. Діни, ең алдымен, ХХ ғасырдың аяғында исламдық экстремизм жергілікті сипатын жоғалтты және трансұлттық құбылысқа айналды. Бұл мемлекеттер арасында ерекше алаңдаушылық туғызады: соңғы жылдары бұл проблема кенеттен ТМД-ның бірқатар аймақтарында, атап айтқанда, Орталық Азияда және Ресейде өткір болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың діндер мен өркениеттер арасындағы диалог қағидаттары мен практикасын ілгерілету жөніндегі бастамасы өзінің маңызын сақтап келе жатқанын, ал бұл идеяның дәйектілігі мен өмірлігі уақытпен дәлелденгенін ерекше атап өткен жөн.

Алуа Узбехан

Тарих, археология және этнология факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Сабырхан Смағұлов,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.